

Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің несиелік жүйесі шеңберінде шағын кәсіпкерлікті несиелеу бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 19 қыркүйек N 1353

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 P970665_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне "Қазақстанда шағын және орташа кәсіпорындарды дамыту" несиесінің "В" траншы және "С" траншының 77 533 092, 50 (жетпіс жеті миллион бес жүз отыз үш мың тоқсан екі доллар елу цент) АҚШ доллары сомасындағы қалған бөлігін жою ұсынылсын.

2. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жобасын қаржыландыру Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкі несиесінің шеңберінде жүргізілсін.

3. Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры жоба бойынша Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкімен несиелік келісім жасалсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Европа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің

алдында бұрын қабылдаған міндеттемелерінің шеңберінде аталған жобамен мемлекеттік кепілдеме берсін;

<*>

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорымен несиені өтеу жөнінде екінші деңгейдегі банктердің қарсы кепілдемелік міндеттемелерін реттейтін келісім жасалсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының келісімі бойынша қатысушы банктерді іріктесін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.04.15. N 340 қаулысымен.

P980340_

5. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК